

Түркістан облысы денсаулық сактау басқармасының  
«Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МҚК кезектен тыс жиналышының  
**№ 01 ХАТТАМАСЫ**

Шорнақ ауылы

13.03.2023

**Төраға:** Стамкулов Бахыт Еркинбекович – Басшы  
**Хатшы:** Абубакирова Лаззат

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

«Сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес туралы» Занын, ҚР Қылмыстық кодексін, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін талқылап, түсіндірме беру туралы.

**Төрағалық етуші Б.Стамкулов:** Сыбайлас жемқорлықпен күресу – бүгінгі таңда күн тәртібінен түспей тұрган курделі мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыйбайластық арқылы жасалады. Алайда, сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін түрі – паракорлық. Пара беру де, пара алу да қылмыс екеніне әрбір қызметкердің санасына жеткізу қажет. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы ҚР Конституациясын, құқықтарын жетік біліп, жіті түсініп, абыройы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарауға тиісті. Сонда ғана сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді.

**Л.Абубакирова:** Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза ҚР Қылмыстық кодексінің 15-тaraуына сәйкес 361-371 баптарымен тағайындалатынына, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 34-тaraуы 676 -681 баптар бойынша айыппұл салуға әкеп согатынын айтты.

Корытындылай келе, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге, адал да әділ, таза жұмыс атқара отырып, жемқорлықсыз мемлекет пен қоғам құруда әркайсысы өз үлесін қосатындарына сенім білдіретінін айтты.

Жиналыш барысында туындаған мәселелер жан-жақты талқыланды, қызметкерлер қойған сұралктарға нақты жауап берілді.

Жиналыш төрағасы Б.Стамкулов жиналышты корытындылады.

**Жиналыш төрағасы**



**Хатшы**

*А.Ж.*

**Б.Стамкулов**

**Л.Абубакирова**



